

8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Рысбаева Ардак Куанышовнаның «Бастауыш сыйнып оқушыларының ізгілікті
карым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы
диссертациясына
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазіргі жана Қазакстанды құру жағдайында адамзаттық, ұлттық ізгіліктер мен құндылықтар жүйесін жаңадан ойлад табуды немесе кайта бағалауды емес, есесіне, казакстандық құндылықтар жүйесін басқаша етіп құру жолдарын қарастыру қажеттілігі артып отыр. Бұл білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір оқушысының ғылыми тұрғыдан негізделген ізгілік мазмұнындағы білім алуын қамтамасыз етуді, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын талап етеді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 казанда бекіткен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асырудың бір сапалы бағыты пәндерді интеграциялай оқыту деп санаймыз. Осы бағытта әдіснамалық және теориялық негіздері анықталған арнайы әдістемелік жүйе жасалынуы уақыт талабымен үндес келіп отыр. Өйткені қазіргі кезең адам баласының мына Жерді, Өмірді, Адаминың калірін біртұтастықпен түсіне алмай, бөлшектеп танудың салдарынан Әлемнің бір компоненті жойылса, қалғанына да сол жол тұрғанын түсінуден калып барады. Сондықтан да қазіргі таңда оку пәндерінің мазмұнын интеграциялауға үлкен мән беріліп отыр.</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның	А.К.Рысбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына

		<p>немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p><u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына <u>елеулі үлес қосады</u>. Оның ішінде бастауыш білім беру пәндерін оқыту әдістемесінің мазмұнын толықтырады.</p> <p>Казіргі қоғамның талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде калыптастыруды теориялық түрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығы белгілі. Осыған орай орындалған зерттеу жұмысы теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, педагогикалық мүмкіндіктерінің анықталуы, күрылымдық-мазмұндық моделінің күрылымдалиш, әдістемелік жүйесінің жасалуы арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесінде маңызды екендігін көрсетеді. Сондықтан зерттеу жұмысының маңыздылығы ашилған және бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде калыптастыру аясында жүргізілетін зерттеулердің іргелі негізі бола алады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Докторант А.К.Рысбаеваның орындалған ғылыми зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көзделген. Диссиденттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған акпараттар түсінікті</p>

			әрі мағыналы құрылымды сактаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Қазіргі когам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды жалпы білім беретін мектептің бастауыш білім беру үдерісіне ендіру қажеттігі мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қажеттілігі мен оның моделінің жасалмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1)<u>айқындаиды;</u> 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды 	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық колемде айқындаиды</i>. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыруды теориялық негіздеу, моделін жасау және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеруді орындаумен <i>сәйкес келеді</i>. Зерттеудің <i>міндеттері</i> қойылған мақсатты нактылай келе, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаумен; бастауыш сынып оқушыларының</p>

		<p>ізгілікті карым-катанасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындаумен; бастауыш сынып окушыларының ізгілікті карым-катанасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтаумен; бастауыш сынып окушыларының ізгілікті карым-катанасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың құрылымдық мазмұндық моделін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерумен, гылыми тұжырымдалған ұсныстар берумен сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұастық пен баяндау логикасы бар, алғанған нәтижелер автордың бірге диссертацияда қойылған максат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Гылыми аппаратка сәйкес теориялық мәліметтер, эксперименттің анықтау және қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны мен нәтижелері ұснылған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсныған жаңа шешімдер (кағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Бастауыш сынып окушыларының ізгілікті карым-катанасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері; бастауыш сынып окушыларының ізгілікті карым-катанасын интеграция негізінде қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері; оның құрылымдық мазмұндық моделі мен әдістемелік жүйесі; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% <p>Диссидент бастауыш сынып окушыларының ізгілікті карым-катанасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесін зерттеу барысында теориялық және</p>

		<p>жана болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтижесе – жаңа.</i> Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері философиялық, педагогикалық, әдістемелік аспектілер бойынша талданды және әдіснамалық негіздерін айқындауда білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу тұғырлары басшылықка алынды. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың мәні мен құрылымын анықтауда: «<i>ізгілік</i> – адам баласының өз өмірінің мәні мен түрін анықтауға құқы және міндеттемесі бар екенін танытатын демократиялық, этикалық өмірлік ұстаным, адамдарды сую, жақсылық жасау, жанашыр болу, барлық адамзат баласын бауырым деп карау»; «<i>ізгілікті қарым-қатынас</i> – жеке тұлғаның бойындағы ізгілікті әрекеті, мінез-құлқы, ізгілікті білімдер жиынтығы», «<i>бастауыш</i> сынып оқушыларының <i>ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру</i> – оку пәндерін интеграциялау арқылы дүниені біртұтас тану және сол арқылы әлемнің, өзін коршаған ортандың тұтас бейнесін санасында ізгілікті әрекет, мінез-құлқы, ізгілікті білімдер жиынтығы ретінде кіріктірілген тұлғалық сапаларының көрініс табу үдерісі» деп нақтыланды.</p> <p><i>2-нәтижесе – жаңа.</i> Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы оку пәндерінің негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, денгейлері анықталған.</p> <p><i>3-нәтижесе – жаңа.</i> Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы оку пәндерінің негізінде қалыптастырудың педагогикалық</p>
--	--	---	--

		<p>мүмкіндіктері айқындалған.</p> <p><i>4-нәтижесе – жаңа.</i> Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-қатынасын оку пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>A.K.Рысбаевың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнның сәйкестігімен, зерттеуде колданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп томендеғілерді айтамыз:</p> <p><i>Бірінші қорытынды</i> қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті күжаттарға жасалған талдаулар негізінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесінің өзектілігі дәлелденуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Екінші қорытынды</i> бойынша мәселеге катысты теориялық енбектерге жасалған талдаулар «ізгілік», «ізгілікті карым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тұсінігінің мәнін түзуге мүмкіндік берді деп нақтылануы толығымен жаңа болады.</p> <p><i>Үшінші қорытынды</i> ретінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруға байланысты ғылыми-зерттеу енбектері мен практикалық тәжірибелерді талдау барысында бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-қатынасын интеграция негізінде</p>

калыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінің жүйеленуі, бастауыш сынып окушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың басшылықта алынатын білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу әдіснамалық тұғырларының айқындалуы **толығымен жаңа** болып табылады.

Автордың диссертациялық жұмысындағы *төртінші қорытынды* бастауыш сынып окушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесі өзара біртұастықта танылуы және іштей байланысқан келесі күрылымдардан тұруы: бастауыш сынып окушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдіснамалық тұғырларына сүйеніп анықталған бастауыш сынып окушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың моделі, сабактар жүйесі мен тапсырмалар кешені, вертикалды, горизонталды, аралас интеграция негізінде оқыту әдістер жүйесі. Бұл күрылымдар өзара логикалық байланыса келе, зерттеу жұмысының казакстандық білім беру жүйесінің алдына қойып отырған, коғам кажет етіп отырған талантармен үндесе отырып, зерттеудің алдына қойылған болжамын растауға, міндеттерін шешуге, нәтижесінде көздеген мақсатына жетуіне қызмет ететін тіректер болып табылуы **толығымен жаңа болады**.

Жұмыстың *бесінші қорытындысы* зерттеу жұмысында интеграциялық негізде оқыту арқылы бастауыш сынып окушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтау екі бағытта жүргізілген: 1) Интеграцияны оку мақсаты ретінде тану. Сол арқылы окушының өзін коршаған әлем, яғни басқа адамдар, коғам, табиғат туралы

біртұтас білім қалыптастыру бағыты. 2) Интеграцияны оқу күралы ретінде тану. Сол бағытта түрлі пәндер арқылы берілетін білім мазмұнының ортақ негізін табу, сипаттау, мүмкіншіліктерін айқындауы **толығымен жаңа болады**.

Алтынының қорытынды бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-катаңасын интеграция негізінде қалыптастырудың *модели* оқушылардың пәндерді интеграция негізінде менгере отырып, ізгілікті карым-катаңас жасау дағдыларына ие болуын мүмкін ететін әдістемелік жүйенің мазмұнын – сабактар мен тапсырмалар жүйесін, сабактан тыс, өзіндік жұмыс түрлерін – жасауга негіз болуы. Зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен күрылымдық мазмұндық модельдің стратегиялық мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-катаңасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштерін айқындауды, әдістері мен деңгейлерін белгілеуі. Әдіснаманың интеграциялық, білім беруді ізгілендіру, экологиялық білім негізінде тәрбиелеу; оқытуудың санаулық және белсенділік, біртұтас дүниетаным қалыптастыру үстанымдары басшылыққа алынған құрылымда оқу пәндерін интеграциялау негізінде оқушылардың ізгілікті карым-катаңасын қалыптастыру мүмкін болатындығының дәлелденуі **толығымен жаңа болып саналады**.

Жетінинің қорытынды бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-катаңасын интеграция негізінде қалыптастыруды оқушының бойындағы тұтас, кешенді қасиеттер ретінде қарай отырып, оларды қалыптастырудың компоненттері, әр компонентке сәйкес қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталып, жүйеге түсірілуі **толығымен жаңа болып саналады**.

Сегізинің қорытынды тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында

			<p>бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-катаинасын интеграция негізінде қалыптастырудың 2-сынып үшін жасалынған бағдарламасы, интеграцияланған сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені арқылы оқушылардың ізгілікті қарым-катаинас дағдыларына ие болатындығы дәлелденген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері интеграцияланған бастауыш оку пәндерінің мазмұнын ұлттық құндылыктарға негіздел өзгертуге, инновацияға негізделген жаңа үлгілері мен нұскаларын жасауға мүмкіндік беруі толығымен жаңа болып санаады.</p>
5.	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		<p>Автордың ұсынған бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-катаинасын интеграция негізінде қалыптастырудың ғылыми-тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу корытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің койылған максаттары мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және әмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-катаинасын интеграция негізінде қалыптастыру бойынша әртүрлі әдістемелер, тәсілдер, тапсырмалар кешенін пайдаланумен камтамасыз етілді.</p>
7.	Көрғауға шығарылған негізгі	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:	<p>1. <i>Бірінші қағида</i> бойынша бастауыш сыныптарда алғаш рет карастырылып отырган бастауыш сынып</p>

қағидаттар	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жок <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жок 	<p>оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың негізгі ұғымдардың мәнін философиялық, психологиялық, педагогикалық түрфыдан талдау негізінде нақтылау, оның ішкі мазмұндық күрылымын анықтау оқушылардың оку пәндерінің интеграциясы негізінде ізгілікті қарым-қатынасының қалыптасуына кепіл бола алады.</p> <p>Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Formation of humanistic relations of primary school students» (Cypriot Journal of Educational Sciences, Volume 16, Issue 5 (2021) 2742–2751, ISSN: 1305-905X) атты макаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Екінші қағида бойынша бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың моделі мотивациялық-құндылықтылық, танымдық-іс-әрекеттік, тұлғалық-мінездік-құлдықтық құрамдас бөліктерінің бірлігі, оған сәйкес олшемдер мен көрсеткіштердің біртұтастыры негізінде карастырылуы деп қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты косымша білім беру сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенінде (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Сәдуақас Г.Т.). Тапсырмалар мен жаттығулар көрініс тапқан.</p> <p>3. Ушінші қағида зерттеу барысында анықталған педагогикалық мүмкіндіктер бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасының қалыптасуында интеграцияны оку мақсаты, оку құралы ретінде тану түрфысында қамтамасыздандырады. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, бастауыш сынып</p>
------------	---	--

		<p>оқушыларының ізгілікті карым-катаңасын интеграция негізінде қалыптастырудың колданылу деңгейі кен, «Бастауыш сынып оқушыларының карым-катаңасын ізгілікке бағыттай отырып тәрбиелеу» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. «Педагогика. Психология. Элеуметтану» сериясы. – № 2(135). – 2021. – Б.164-171) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4. <i>Төртінші қагида</i> бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті карым-катаңасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесін күрайтын «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты косымша білім беру сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардагы тапсырмалар мен жаттығулар кешені, интегративті әдіс оқушылардың өз ішкі мүмкіндіктерін, оку-танымдық әлеуетін жетілдіруге және ізгілікті карым-катаңас жасау мүмкіндіктерін іске асыруға деген ішкі ұмтылышын, мотивациясын дамытуға жол ашады.</p> <p>Қагида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда колданылу аясы кен, «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты косымша білім беру сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардагы тапсырмалар мен жаттығулар кешенінде көрініс тапқан. (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Сәдуақас Г.Т.).</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (тұғырлар: білім философиясы, жүйелілік-іс-әрекеттік, аксиологиялық, синергетикалық, модельдеу; ұстанымдар: интеграциялық, білім беруді ізгілендіру, экологиялық білім негізінде тәрбиелеу; оқытуудың сапалылық және белсенділік, біртұмас дүниетаным қалыптастыру) жиынтығы ретінде нақты жазылған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және

	<p>компьютерлік технологияларды колдану арқылы гылими зерттеулердің казіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	эмпирикалық әдістердің кешені колданылған. Эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтер сандық талдау және нәтижелерді өндеудің математикалық әдістерін колдану арқылы алынған.
	<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық гылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	<p>Теориялық корытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, қалыптастыру әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, гылыми зерттеу тақырыбы бойынша 15 макала Scopus базасының журналында (33 процентиль), ҚР Білім және гылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Казахстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық гылыми-практикалық конференция жинактарында жарияланып, бастауышынып окушыларына арналған 1 тапсырмалар кешені жарық көрген.</p> <p>А.К.Рысбаеваның диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысы Б.Момышұлы атындағы №62, №65 жалпы білім беретін орта мектептерде ұйымдастырылып откізілген, тәжірибелік-эксперименттік жұмыска 2-сыныптарда оқытын, жалпы саны 120 окушы қатыстырылған. Оның ішінде тәжірибе сиыбында – 63 окушы, бақылау сиыбына – 57 окушы катысқан.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга</p>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 196.

		<u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	
9	Практикалық күндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар:</p> <p>1) <u>иля;</u> 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» үғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігі нақтыланып, әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдары айқындалады; – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен корсеткіштері, денгейлері анықталады; – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мұмкіндіктері айқындалады; – бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-мұмкіндіктері айқындалады; <p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін бастауыш сынып мұғалімдерінін біліктілігін арттыру курстарында және зерттеу жұмысының нәтижелерін болашак бастауыш сынып мұғалімдерін дайындастырын жоғары оқу орындарында әлективті курс ретінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля;</u> 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы зерттеу жұмысының нәтижесінде әзірленген «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабактар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін бастауыш сынып мұғалімдерінін біліктілігін арттыру курстарында және зерттеу жұмысының нәтижелерін болашак бастауыш сынып мұғалімдерін дайындастырын жоғары оқу орындарында әлективті курс ретінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p>	<p>Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады.</p>

	<p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылайжана (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасы қалыптасуының мәні, мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыру моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі менгертуге септігін тигізді. Оларды мұғалімдер біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу қажет; - бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыруды зерттеу барысында айқындалған педагогикалық мүмкіндіктер негізінде жүзеге асырған дұрыс; - тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тиімділігі дәлелденген бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесінде әрбір сынып үшін жасалынған интеграцияланған сабактар мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешенін 3,4-сыныптар бойынша қолдануға болады; - интеграцияланған сабактардың мазмұны, түрі, әдістері, мұғалімнің оқушылармен және оқушылардың өзара қарым-қатынастары ізгілікті педагогика талантарымен, үстанимдарымен үндесіп, оқушылардың білім алуы – дүниені тұтас тану түрінде үйимдастырылуы керек. Интеграцияланған сабактарды үйимдастырып откізу алдында мұғалім пәндердің оку бағдарламаларын, оку мақсаттарын, ұзак мерзімді, кысқа мерзімді жоспарларды, окулықтарды толыкканды талдауы керек, соның негізінде ғана ортақ мәселе, ортақ оқу мақсаты, ортақ тақырып, тілті ортақ әдіспен откізуге болатын сабактар аныкталады, сол танылған ортақ нүктелері бар тақырыптарды оқушылардың ізгілікті қарым-қатынас жасауын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар, өзіндік жұмыс түрлерін әзірлеуі керек.
--	---	--

			<p>Аталған зерттеу нәтижелері болашакта жоғары педагогикалық оку орнындарында мамандар даярлау мәселе сіне арналған жұмыстарды жетілдіруге жөне осы бағыттағы жана зерттеулер жүргізуге негіз бола алды</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары.</p> <p>Диссертацияның тілі мен стилі таланттарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген таланттарға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыска ұсыныс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - теориялық талдауларда акпараттық саладағы еңбектерді талдауды аша түсү керек еді. <p>Дегенмен берілген ұсыныс диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендепейді.</p> <p>Бұл болашақ еншісінде қарастырылады деп ойлаймыз.</p>

Қорытынды: 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Рысбаева Ардак Куанышовнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
Павлодар педагогикалық
университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Б.М.Жапарова

